

ҚазТрансГаз: ҚазТрансГаз үшін бинарлық кредит

Орналасқан жері:

Қазақстан

Жобаның нөмірі:

51854

Сала:

энергетика

Мемлекеттік/жеке сектор:

мемлекеттік

Экологиялық санаты:

B

Бекітілген күні:

10 маусым 2020 жыл

Жай-күйі:

Түпкілікті қараудан өтті, бекіту күтілуде

Жобаның ағылшын тіліндегі түйіндемесі жарияланған

күн: 6 сәуір 2020 жыл

Жобаның сипаттамасы

Банктің бұрыннан келе жатқан клиенттері және газ құбырларының ұлттық операторы «ҚазТрансГаз» АҚ-тың 100 пайыздық еншілес компаниялары болып табылатын екі мемлекеттік мекеме - «Интергаз Оталық Азия» АҚ («ИОА») және «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ («ҚТГА») компанияларына ұлттық валютада 244 млн. еуро жалпы сомасына екі аға кредит бөлу.

Жобаның мақсаттары

Жоба шеңберінде Банк «ҚазТрансГаз» АҚ-тың еншілес компанияларына теңгерімді оңтайландыруға, энергия тиімділігін арттыру жұмысын жалғастыруға және корпоративтік басқару саласында іс-қимылдар жоспарын әзірлеуге көмектеседі.

Өтпелі процеске әсері

Өтпелі процеске күтілетін ықпал ету әсерінің рейтингі: 60

Жоба шеңберінде өтпелі процеске әсер етудің негізгі атрибуты – «өміршеңдік», қосымша атрибуты – «басқару сапасы». Жоба энергия тиімділігінің көрсеткіштерін жоғарылатуға және ҚТГА-ны жекешелендіруге ықпал ететін болады.

Клиент туралы ақпарат

«Интергаз Оталық Азия» АҚ

«ҚазТрансГаз» АҚ-тың меншігінде болып табылады, түпкі бенефициар – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры.

«Интергаз Оталық Азия» АҚ-ты («ИОА») мемлекет Қазақстанның газ тасымалдау жүйесінің операторы ретінде тағайындаған. ИОА иелігіндегі газ құбырларының арасында – Ресейге тартылған «Орталық Азия – Орталық» газ құбыры, «Бұқара – Орал» магистралды газ құбыры (8 млрд. куб. м.), «Оренбург – Новопсков» (15 млрд. куб. м) және «Бұқара – Ташкент – Бішкек – Алматы» (5,8 млрд. куб. м), сол сияқты басқа да объектілер бар. Бұдан басқа, Компания үш ГЖС пайдалануды қамтамасыз етеді және басқа ұйымдардың мүддесінде техниалық және жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Компанияның Қазақстандағы штатында 7 мыңға жуық қызметкер бар.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ – газ тарату бойынша табиғи монополия, газ құбырларының ұлттық операторы «ҚазТрансГаз» АҚ-тың 100 пайыздық еншілес компаниясы.

«ҚазТрансГаз» АҚ қарамағында жалпы саны 17 мыңнан асатын магистралды газ құбырлары, 40 мың км тарату желілері, 31 компрессорлық станция, 3 жерасты газ сақтау қоймасы бар. Оның штатын 10 мыңнан аса қызметкер құрайды.

ЕҚДБ қаржыландыруы

244 млн. 113 мың 856 еуро

Ұлттық валютадағы 244 млн. еуро жалпы сомасына екі аға кредит.

Жобаның жалпы құны

244 млн. 113 мың 856 еуро

Толықтырылуы

ЕҚДБ і) экономикалық құлдырау мен Covid-19 өршуі уақытында компанияларды ұлттық валютада ұзақмерзімді қаржыландыру;
ii) жоба мақсаттарын уақтылы іске асыру үшін қажетті болып табылатын тәжірибе, инновациялық әзірлемелер, білім және (немесе) әлеует ұсынады.

Экологиялық және әлеуметтік мәселелер

Жоба «төмен – орташа» тәуекел деңгейімен «В» санатына жатқызылған (2019). Бұл жоба с жүзінде қуаттарды физикалық кеңейтуді қажет етпейді және қолданыстағы кредит мерзімінің ішінде Клиент біздің талаптарымызды ұстануға қабілеттіліктерін дәлелдеді. Клиенттің ағымдағы жобаны оның қатысуымен орындау процесінде алынған шаруашылық қызметі туралы ақпаратты ескерумен, Банк персоналы қазіргі уақытта қосымша Экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеру

(ЭӘКТ) жүргізуде. Осыған байланысты, қолданыстағы ЭӘІЖ қажет болған сайын жаңартылатын болады.

Техникалық ынтымақтастық және гранттық қаржыландыру

Техникалық ынтымақтастық топтамасына Метан шығарындыларын қысқарту бағдарламасын әзірлеуде қолдау көрсету; және корпоративтік басқару саласында іс-қимылдар жоспарын әзірлеу мақсатында корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша қажетті шараларды талдау кіруі мүмкін.

Компаниядағы байланыс үшін жауапты тұлға

Дэвид Круз, Әсел Әбілқайырова
d.kruz@ica.kz, a.abilkhairova@ktga.kz
8 (717) 292 7160
<http://www.intergas.kz/en>, <http://www.ktga.kz/en/>

Жоба түйіндемесінің соңғы жаңартылуы

6 сәуір 2020 жыл

Өтпелі кезеңді түсіну

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат [мына жерде](#) қолжетімді

Коммерциялық мүмкіндіктер

Коммерциялық мүмкіндіктер немесе сатып алулар туралы білу үшін клиенткомпаниямен байланысыңыз.

ЕҚДБ-ның коммерциялық мүмкіндіктері (сатып алумен байланысты емес) мәселелері жөнінде:

Тел.: +44 20 7338 7168

Email: projectenquiries@ebrd.com бойынша хабарласыңыз.

Мемлекеттік сектордың жобалары туралы ақпаратты [ЕҚДБ сатып алулары](#) сайтынан табуға болады:

Тел.: +44 20 7338 6794

Email: procurement@ebrd.com

Жалпы сұраныстар

Нақты сұраныстарды [ЕҚДБ сұраныстар нысанын](#) пайдаланып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭӘС)

[ЭӘС](#) және онымен байланысты Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (ІАТ) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және тұрақты дамуға» жәрдемдесу бойынша өз міндеттемелерін орындайтын тәсілдерді айқындайды.

ЭӘС пен ІАТ-қа клиенттер үшін ұлттық заңнаманың жұртшылықты хабардар етуге қатысты қолдануға келетін талаптарын орындау бойынша, сонымен қатар мүдделі тараптардың мәселелері мен шағымдарын, соның ішінде клиенттің және жобаның экологиялық және әлеуметтік тиімділігіне қатысты мәселелер мен шағымдарын қабылдау және оларды шешуге жәрдемдесу үшін шағым беру және қарау механизмін құру бойынша арнайы ережелер кіреді. Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерінің сипатына және ауқымына сәйкес, ЕҚДБ өз клиенттерінен мән-жайларға қарай, жобалармен байланысты тәуекелдер мен әсерлер туралы ақпаратты ашуды немесе мүдделі тараптармен мазмұнды консультациялар жүргізуді, сонымен қатар олардың түсіндірулерін ескеруді қосымша талап етеді.

ЕҚДБ-ның бұл мәселе бойынша іс-тәжірибесі туралы анағұрлым нақтырақ ақпарат [ЭӘС](#)-та баяндалған.

Адалдық және белгіленген нормаларды ұстану

ЕҚДБ-ның корпоративтік әдепті бақылау бөлімі (КӘББ) адал басқаруды ынталандырады және Банктің бүкіл қызметінің озық халықаралық іс-тәжірибеге сай ең жоғары адалдық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Жобалардың Банктің беделі үшін қабылдауға келмейтін тәуекелдер болып табылмайтындығын кепілдендіру үшін, Банктің клиенттерінің барлығына қатысты адалдықты кешенді тексеру жүргізіледі. Банк проблемаларды жобаны бекіту және бағалау кезеңдерінде айқындау және шешу Банк операцияларының адалдығын қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді құралы болып табылады деп санайды. Осы қорғау шараларында, сонымен қатар жобалардың инвестициядан кейінгі кезеңдерінде адалдық тәуекелдерін мониторингтеу процесінде КӘББ шешуші рөл атқарады.

КӘББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардағы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және заңсыз әрекеттер туралы арыздарды тексеру үшін жауап береді. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактісі туралы күдігі бар банктегі, сол сияқты одан тысқарыдағы кез келген тұлға Корпоративтік әдепті бақылау бөлімінің Басшысына compliance@ebrd.com электрондық мекенжайына жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Көрсетілген мәселелердің барлығын КӘББ кейіннен шаралар қабылдау үшін қарайды. Хабарламалардың барлығы, соның ішінде бейесімді хабарламалар да қаралады. Хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары жүргізілетін елдің кез келген тілінде қалдырыла алады. Ұсынылған ақпарат негізделген болуы тиіс.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

АҚС 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгеннен кейін ЕҚДБ-ның хабардар ету және Банк стратегияларын, саясаты мен операцияларын анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу мақсаттарында мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу бойынша ЕҚДБ процедурасын анықтайды. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы мәліметтер алу үшін [Ақпаратқа қолжетімділік саясаты](#) парақшасын қараңыздар.

Нақты ақпаратқа сұранысты [ЕҚДБ сұраныстар нысанының](#) көмегімен жасауға болады.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді;

[Экологиялық және әлеуметтік саясаттың талаптарын](#) және осы жобаға жататын [Ақпаратқа қолжетімділік саясатының](#) ережелерін Банктің орындайтынорындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтында Сіз біздің [құпия онлайн нысанымыз](#) бойынша, [электрондық пошта](#), [пошта](#) немесе [телефон](#) арқылы қалай Өтініш беруге болатының біле аласыз. ЖЕБТО [Жобалар бойынша есеп беру саясатына](#) және [Жетекшілікке](#) сәйкес келетін Өтініштер беру немесе оларды қарау жайлы Сізде туындауы мүмкін кез келген сұрақтарды талқылауға және оларға жауап беруге әзір. Сұраныс бойынша Өтінішкер тұлғасының құпиялылығын сақтауға болады.